

## Шалқар ауданы бойынша тіркелген салық мөлшерлемелерін белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2018 жылғы 27 наурыздағы № 202 шешімі. Ақтөбе облысы Әділет департаментінің Шалқар аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 12 сәуірде № 3-13-191 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 19 ақпандағы № 430 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 19.02.2020 № 430 шешімімен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық Кодексі) Кодексінің 546 бабына және Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына сәйкес, Шалқар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Шалқар ауданының аумағында қызметін жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелері 1 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес, Шалқар аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. "Шалқар аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысы Шалқар аудандық әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялауға жіберуді;

3) осы шешімді Шалқар аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім оны алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шалқар аудандық  
мәслихаттың сессия төрағасы,  
Шалқар аудандық мәслихаттың  
хатшысы*

*С. Бигеев*

## Шалқар ауданының аумағында қызметін жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелері

№	Салық салу объектісінің атауы	Тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелері (айлық есептік көрсеткіштермен)
1	2	3
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	1
2	Біреуден көп ойыншының қатысуымен ойын қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	1
3	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	1
4	Ойын жолы	5
5	Карт	2
6	Бильярд үстелі	5
7	Астана және Алматы қалаларын және арнайы Аймақтық қоспағанда, уәкілетті ұйымның елді мекенде орналасқан айырбастау пункті	10

## Шалқар аудандық мәслихатының күші жойылды деп танылған шешімдері

1) Шалқар аудандық мәслихатының 2009 жылдың 30 қаңтардағы № 103 "Тіркелген салық мөлшерлемесін белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-13-96 болып тіркелген, 2009 жылғы 18 ақпандағы "Шалқар" газетінде жарияланған) шешімі;

2) Шалқар аудандық мәслихатының 2009 жылдың 24 сәуірдегі № 132 "2009 жылғы 30 қаңтардағы № 103 "Тіркелген салық ставкасын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-13-107 болып тіркелген, 2009 жылғы 3 маусымдағы "Шалқар" газетінде жарияланған) шешімі;

3) Шалқар аудандық мәслихатының 2012 жылдың 25 сәуірдегі № 23 "Аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 30 қаңтардағы № 103 "Тіркелген салық ставкасын белгілеу туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-13-171 болып тіркелген, 2012 жылғы 13 маусымдағы "Шалқар" газетінде жарияланған) шешімі;

4) Шалқар аудандық мәслихатының 2017 жылғы 17 ақпандағы № 84 "Шалқар аудандық мәслихатының 2009 жылғы 30 қаңтардағы № 103 "Тіркелген салық ставкасын белгілеу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5321 болып тіркелген, 2017 жылғы 30 наурыздағы "Шалқар" газетінде жарияланған) шешімі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК